

Бекітемін
Жаяу Мұса атындағы
Ақсу жоғары көпсалалы
колледжінің басшысы
А. Айтуарова

2022ж. «__» _____

**Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжіне
2022-2023 оқу жылына
білім алушыларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (бұдан әрі – Заң) Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТжКОБ ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына бастауыш («Хореография өнері» мамандығы бойынша кадрлар даярлау үшін, біліктілігі – «Балет әртісі»), негізгі орта, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), жоғары білім (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

ТжКОБ ұйымдарына оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 8-тармағында көрсетілген тұлғаларды қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына сәйкес оқу орнында азаматтардың оқуға өтініштерін қабылдау, карантин, әлеуметтік және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау емтихандары өткізілмейді. Қабылдау комиссиясының жұмысы 2022 жылдың 25 маусымынан басталады. Қабылдау комиссиясының жұмыс кестесі қоса беріледі (3 қосымша).

Азаматтарды өңірлерге барып оқуға қабылдау бойынша колледждің қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру тиісті саланың уәкілетті органымен ауызша келісім бойынша шешіледі.

Қабылдау нәтижелері туралы ақпарат күндізгі оқу нысанына түсушілердің назарына 27 тамызға дейін, сырттай оқу нысанына қабылдау комиссиясының 20 қыркүйекке дейін ақпараттық стендтерде және колледждің интернет ресурстарында орналастыру арқылы жеткізіледі.

Азаматтардың оқуға өтініштерін қабылдау:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік оқытудың білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі түріне - күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 тамызына дейін, оқудың кешкі және сырттай түріне – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 шілдесіне дейін;

2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 27 тамызына, оқудың кешкі түріне - күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін дейін жүзеге асырылады.

Оқуға қабылдау туралы өтінішке оқуға түсушілер қоса береді:

- білім туралы құжаттың түпнұсқасы;

- көлемі 3x4 см 4 дана фотосурет;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) флюросуреті қоса берілген 075-У нысанындағы медициналық анықтама (I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін 075 –У нысаны бойынша медициналық әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);

- ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу сертификаты (бар болса);

- жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін).

Оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды өзі, ата-анасы немесе заңды өкілдері ұсынады.

4S02150902 Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырушы,
оқытушы

Сырттай оқыту нысаны:

0713010	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) 4S07130103 Техник-электрик
07130300	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық кондырғылары 4S07130303 Техник-жылу энергетигі
03220100	Кітапхана ісі 4S03220101 Кітапханашы
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану 4S07320106 Техник-құрылысшы
1002000	Қара металдар металлургиясы 100221 3 Техник - металлург

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі.

ТжКОБ ұйымдарында оқуға өтініштерді қабылдау, сұхбаттасу өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін басшының бұйрығымен 10 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Оқуға қабылдау келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

Күндізгі оқыту нысаны:

- | | |
|----------|---|
| 0713010 | Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)
4S07130103 Техник-электрик |
| 07130300 | Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары
4S07130303 Техник-жылу энергетигі |
| 07130700 | Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)
4S07130704 Техник-электромеханик |
| 07320100 | Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану
3W07320105 Әрлеу құрылыс жұмыстарының шебері |
| 07320100 | Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану
4S07320106 Техник-құрылысшы |
| 07151100 | Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)
4S07151102 Техник-механик |
| 10130300 | Тамақтандыруды ұйымдастыру
3W10130302 Аспазшы |
| 07150500 | Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)
3W07150501 Электр-газбен дәнекерлеуші |
| 06130100 | Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)
4S06130103 Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуші |
| 04110100 | Есеп және аудит
4S04110102 Бухгалтер |
| 01140500 | Дене тәрбиесі және спорт
4S01140501 Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі |
| 01120100 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі |
| 02150900 | Әлеуметтік-мәдени қызмет |

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар, олардың мәртебесін айқындайтын құжатты ұсынады:

- шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
- азаматтығы жоқ адам - азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- босқын - босқын куәлігі;
- пана іздеген адам - пана іздеген адамның куәлігі;
- оралман – оралманның куәлігі.

Оқу түрі бойынша және шарттық (ақылы) негізде түсушілерден түскен өтініштер жеке тіркеледі және есепке алынады.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға қабылданушыларға арналған қабылдау емтихандары:

- жалпы орта - үш пән бойынша өткізіледі (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән);

- негізгі жалпы білім - негізгі жалпы білімнің оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән).

- мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

- мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін сұхбаттасу түрінде өткізіледі.

Жалпы орта білімі, негізгі жалпы білімі бар азаматтар үшін түсу емтихандарының нысаны – тестілеу.

Қабылдау емтихандары талапкерлердің өтінішіне сәйкес қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

Арнайы немесе шығармашылық емтихандар бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмеген азаматтар қалған емтихандарға жіберілмейді.

Емтиханға дәлелсіз себептермен келмегендер одан әрі тестілеуге жіберілмейді.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсетін азаматтар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары 1 тамыз бен 27 тамыз аралығында, «Әлеуметтік – мәдени қызмет» мамандығы бойынша шығармашылық емтихандар 21 шілде мен 28 шілде аралығында өткізіледі; жұмысшы біліктіліктері мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша – 01 маусым мен 29 тамыз аралығында, сырттай оқу нысанына 1 тамыз бен 28 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

Тестілеу нысанында қабылдау емтихандарын өткізу кезінде әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының (сұрақтарының) саны 25 болып белгіленеді;

әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут (3 академиялық сағат), ал екі пән бойынша 1 сағат 30 минут (2 академиялық сағат) беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқталғаннан кейін бірден ілінеді; тестілеу нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады; бағалау пәндері бойынша емтихандар нысанында «3», «4», «5» қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша алынғандарды қабылдау комиссиясы келесі шәкіл бойынша баллдарға ауыстырады: «3» - 8 балл, «4» - 17 балл, «5» - 25 балл.

Көпшілік кәсіптер және неғұрлым күрделі (саластырылған) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін қабылдау емтихандары сұхбаттасу нысанында өткізіледі.

Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, талапкерлердің құқығын қорғау мақсатында, бұйрыққа сәйкес колледжде апелляциялық комиссия құрылды.

Пән бойынша тестілеу немесе қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген азамат апелляцияға беруге құқылы.

Апелляцияға өтініш қабылдау комиссиясына конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін беріледі және апелляциялық комиссия өтініш берушінің қатысуымен бір күн ішінде қаралады.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының шешуші дауыс құқығы бар. Комиссияның жұмысы комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қоятын хаттамалармен рәсімделеді.

Тестілеуді және пәндер бойынша қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар құрамына қабылдау негізгі орта немесе жалпы орта білім беру туралы құжаттарда көрсетілген орта конкурстық баллға сәйкес жүргізіледі.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және техникалық пен кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге неғұрлым қабілетті және дайын азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алушылар құрамына қабылдау:

1) күндізгі оқу бөліміне - 20 тамыздан 31 тамызға дейін;

2) сырттай оқу түріне - 15 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар құрамына қабылдау:

- күндізгі оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 20-31 тамызы аралығында негізгі орта немесе жалпы орта білім туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағаларды, сұхбаттасу нәтижелерін ескере отырып іріктеу негізінде;

- сырттай оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 15-30 қыркүйегі аралығында негізгі орта немесе жалпы орта білім туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағаларды, сұхбаттасу нәтижелерін ескере отырып іріктеу негізінде.

Білім беру ұйымдарына қабылдау мамандықтар, кәсіптер бойынша бөлек қабылдау комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі.

Колледж Білім беру басқармасына белгіленген формалар мен мерзімдерге сәйкес және оқуға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша мәтіндік есепті қабылдағаннан кейін жедел статистикалық есеп береді.

Осы ережелермен регламенттелмеген мәселелерді Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжінің комиссиясы түпкілікті шешеді.

**Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі бойынша
орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2022-2023 оқу жылына
арналған қабылдау жоспары**

Күндізгі оқыту

Код	Мамандық атауы	Біліктіліктері	Орын саны	Сонын ішінде мем. тілде оқыту	9 сынып базасында	11 сынып базасында	ТЖКБ базасында
07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	4S07130103 Техник-электрик	40	20	40	0	0
07130300	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	4S07130303 Техник-жылу энергетигі	20	0	20	0	0
07130700	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	4S07130704 Техник-электромеханик	20	0	20	0	0
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	3W07320105 Өрлеу құрылыс жұмыстарының шебері	15	0	15	0	0
07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	4S07320106 Техник-құрылысшы	20	0	20	0	0
07151100	Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)	4S07151102 Техник-механик	20	0	20	0	0
10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 Аспазшы	20	0	20	0	0
07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	3W07150501 Электр-газбен дәнекерлеуші	20	0	20	0	0
06130100	Бағдарламалық камтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130103 Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуші	20	0	20	0	0
04110100	Есеп және аудит	4S04110102 Бухгалтер	20	0	20	0	0
01140500	Дене тәрбиесі және спорт	4S01140501 Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі	30	15	30	0	0
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының тәрбиешісі	20	0	20	0	0
02150900	Әлеуметтік-мәдени қызмет	4S02150902 Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырушы, оқытушы	10	0	10	0	0
	Барлығы		275	35	275	0	0

Сырттай оқыту бөлімі

Мамандық атауы	Барлығы
0713010 Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) 4S07130103 Техник-электрик	20
07130300 Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары 4S07130303 Техник- жылу энергетигі	20
03220100 Кітапхана ісі 4S03220101 Кітапханашы	20
07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану 4S07320106 Техник-құрылысшы	20
1002000 Қара металдар металлургиясы 100221 3 Техник - металлург	20
Барлығы:	100

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының коды	Мамандық атауы	Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		негізгі орта білім базасында (жалпы негізгі)	орта білім базасында (жалпы орта)
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Емтихан	Емтихан
01140500	Дене тәрбиесі және спорт	Шығармашылық емтихан (нормативтер)	Шығармашылық емтихан (нормативтер)
02150900	Әлеуметтік-мәдени қызмет	2 шығармашылық емтихан: бос уақытты ұйымдастыру, мамандандыру	2 шығармашылық емтихан: бос уақытты ұйымдастыру, мамандандыру

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

Дүйсенбі	09.00 – 18.00
Сейсенбі	09.00 – 18.00
Сәрсенбі	09.00 – 18.00
Бейсенбі	09.00 – 18.00
Жұма	09.00 – 18.00
Үзіліс	13.00 - 14.00
Сенбі	09.00 – 13.00

Жексенбі – демалыс